

**«8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы
(PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Демесинова Акерке Алтаевнаның
«Қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының қалыптасуы мен көркемдік даму бағыттары»
тақырыбындағы диссертациялық жұмысына**

ЖАЗБАША ПІКІРІ

p/n №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атавы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атавы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)</p>	<p>А.А.Демесинованың «Қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының қалыптасуы мен көркемдік даму бағыттары» тақырыбында жазылған диссертациясы төмендегі мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес келеді деп есептейміз:</p> <ul style="list-style-type: none"> - ҚР Үкіметі жаңындағы ЖФТК бекіткен ғылым дамуының 5. «Мәңгілік ел» ғылыми негіздері (XXI ғасырда білім беру, гуманитарлық ғылымдар саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер. 27.04.2016 ж.) ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламасына; - Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына; - 5.3.6. Тарих пен мәдениеттің, әдебиет пен тілдің, салт пен құндылықтардың ортақтығы саласына сәйкес балалар әдебиетін жаңаша зерттеудің үлгісі бола алады; - 31.12.2019 жылы қабылданған Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін <u>косады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	<p>А.А.Демесинованың диссертациялық зерттеу жұмысында алынған нәтижелер қазіргі ғылымға елеулі үлесін қосады. Қазақ әдебиеттануында фэнтези жанрының шығу тегі, әдебиеттану мен мәдениеттанудағы алғышарттары, жанрлық ерекшеліктері және басқа мәселелері жөніндегі шешілмеген сұрақтар жеткілікті. Фэнтезиді әдебиеттің дербес жанрына жатқызуға бола ма, жоқ па деген сұраққа нақты жауап берілмеген. Фэнтези тақырыбына бағытталған арнайы зерттеулер қазақ әдебиеттануында әзірге кездеспейді десек, артық айтпаймыз. Диссертацияда қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының даму кезендері мен түрлеріне, кейіпкерлерінің типологиясына, сюжеттік ерекшеліктеріне, осы жанрда кітаптарын жариялаған Т. Рымжанов, Т. Шеғиров-Тұрысбек Сәукетаев, Т. Ермашев, А. Сырманов, З. Төреканова, Р. Сауытбай, А. Тұлембаева, З. Наурызбай мен Л. Калаус, және басқа қаламгерлердің шығармаларына, талдау жасалған. Фэнтези шығармалары мен кейіпкерлерінің жіктемесі ұсынылған. Фэнтезиге</p>

			тән ерекшеліктер айқындалған. Фэнтези шығармаларындағы кейіпкерлердің ертеғі, миф, фантастика кейіпкерлерімен ұқсастықтары және айырмашылықтары анықталған. Қазақ фэнтези шығармаларындағы халықтық фольклор, ертеғі сарындары мен мотивтері нақты мысалдар арқылы салыстырылып, көрінісі сипатталған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Диссертацияны ізденушінің өзі жазу деңгейі жоғары. А.А.Демесинова диссертациясында авторлық анықтамалар мен тұжырымдар қорыта білген. Таңдалған тақырыпты жеткілікті дәрежеде аша білген. Диссертациялық зерттеуді толық аяқталған ғылыми жұмыс деп бағалауға болады. Зерттеу нәтижелері мен ғылыми тұжырымдарын негізге ала отырып жұмысты теориялық және тәжірибелік жағынан құндылығы жоғары енбек деп бағалауға болады. Диссертация қазақ әдебиетінде бұрын зерттелмеген, өзекті тақырыпқа арналған, логикалық тұтастығы бар, толық аяқталған зерттеуге жатады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды 1) айқындауды; 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды	Диссертация тақырыбының өзектілігі бүгінгі қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының, оның көркемдік даму бағыттарының ғылыми деңгейде зерттелмеуімен айқындалады. Қазақ әдебиеттану ғылымында фэнтези мәселелерінің зерттелуі жеткілікті қолға алынбаған. Атап айтқанда, фэнтезидің миф, ертеғі, фантастикамен үндестігі мен айырмашылықтары, фэнтези кейіпкерлерінің ертеғі, фантастика кейіпкерлерімен сабактастығы, даралануы жан-жақты зерттелмеген. Жалпы алғанда, қазақ фэнтезийнің қалыптасуы мен даму кезеңдері, көркемдік даму бағыттары, фэнтезидің түрлері, балалар әдебиетіндегі фэнтези көрінісі, қазақ фэнтезийнің ұлттық көркем ойға қосқан ұлесін айқындау - қазіргі таңдағы қазақ әдебиеттану ғылымындағы әзірge шешімін таппаған міндеттердің бірі. Аталған дәйектер диссертациялық зерттеу тақырыбының өзектілігін анықтайды. А.А.Демесинованың диссертациясының мазмұны зерттеу тақырыбын айқындауды және толық көлемде ашқан. Диссертацияның құрылымы «Қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының қалыптасуы мен көркемдік даму бағыттары» тақырыбын ашуға бағытталған бөлімге бөлінген. Алғашқы бөлімі қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының шығуы мен қалыптасуының қайнар көздерін зерттеуге бағытталған. Бірнеше тараушадан тұратын бұл бөлімде қазақ және әлемдік әдебиеттандуда фэнтези жанрының қалыптасуының негізгі мәселелері зерттелген және тақырыптың зерттелу дәрежесі айқындалған; фэнтезидің мифологиялық негізі және оған неомифологизмнің ықпалы зерделенген; қазақ фэнтези жанрының теориялық аспектілері, миф, ертеғі, фантастика жанрларымен үндестігі және айырмашылықтары зерттеліп, анықталған. Диссертацияның екінші бөлімі қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының даму бағыттарын айқындау мәселелерін зерттеуге бағытталған. Бұл бөлімде қазақ әдебиетіндегі фэнтези түрлерінің жіктемесі тұнғыш рет ұсынылып, даму кезеңдері анықталған. Қазақ

		<p>әдебиетіндегі фэнтези шығрамаларындағы сюжет және характер мәселелері зерттелген. Қазақ әдебиетіндегі фэнтези кейіпкерлерінің ерекшеліктері нақты шығармалардағы мысалдар арқылы анықталған. Диссертацияның үшінші бөлімінде балалар фэнтезийндегі кейіпкерлер әлемі зерттелген, қазақ халқына тән ұлттық-отбасылық құндылықтардың көрінісін анықтауға талпыныс жасалған. Балалар фэнтезийндегі ұлттық-отбасылық құндылықтардың бейнеленуін диссертант Т.Рымжановтың, А. Тұлембаеваның, З. Наурызбай мен Л. Калаустың, Р.Сауытбайдың, А. Сырмановтың, З. Төреханованың және басқа фэнтезист жазушылардың кітаптары негізінде зерттеген. Диссертант Рұстем Сауытбайдың «Шоко әлемі» фэнтезийндегі «бала әлемінің» бейнесін зерттеу бағытында концептлік талдау жасауға қол жеткізген.</p>
		<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді</p> <p>Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері диссертацияның тақырыбына сәйкес келеді. Диссертант өзінің алдына қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының көркемдік даму бағыттарын анықтау, оның дербес жанр екенін дәлелдеуді мақсат ете отырып, мынадай міндеттерді шешу бағытында тиісті нәтижелерге қол жеткізген:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақ және әлем әдебиетіндегі фэнтези жанрын зерттеуге арналған ғылыми әдебиеттер мен осы жанрда жазылған көркем әдебиеттерді зерделеу арқылы оның мифологиядан, фольклорлық және әдеби ертегіден, балалар фантастикасы мен ғылыми фантастикадан айырмашылығын анықтау; 2. Балаларға арналған фэнтези туындыларының көркемдік кеңістігіндегі мифологиялық сарын мен фольклорлық компонентті саралau арқылы авторлық мифті (неомифті) жасау тетіктерін көрсету; 3. «Ер Төстік», «Кер құла атты Кендебай», «Күн астындағы Күнікей қызы», «Ай астындағы Айбарша сұлу», «Қыран қарауылшы» қиял-гажайып ертегілеріндегі, миф шежіресіндегі, скифтер мен сақтардың, ежелгі түріктердің мифтері, ғұндардың мифологиясындағы, қазақ мифологиясындағы, жүлдyzдар мен шоқжұлдыздар, табиғат құбылыстары, ағаштар, құстар жайындағы мифтер мен қанатты аттар жөнінде аныздардағы сюжеттер мен кейіпкерлердің қазіргі фэнтезидегі көрінісін, сюжет өрбітудегі ықпал-әсерін таныту; 4. Қазақ балалар фэнтезийнің даму өрісін әлемдік авторлардың шығармаларымен салыстыру, салғастыру арқылы айқындау (Т. Рымжанов, Р.Сауытбай, З. Наурызбай мен Л. Калаустың және басқа авторлардың шығармаларын талдау); 5. Қазіргі әдеби үдерістегі фэнтези түрлерін анықтау; 6. Қазақ әдебиетіндегі фэнтезиге тән сюжет ерекшеліктеріне, кейіпкерлер әлеміне талдау жасау; 7. Балалар фэнтезийнің ұлттық-отбасылық құндылықтарды бейнелеудегі маңызын саралau және Таупық Рымжанов шығармашылығын қазақ фэнтезийнің негізін қалаушы ретінде зерделеу; 8. Р.Сауытбайдың «Шоко әлемі» роман-фэнтезийндегі

			«бала әлемі» бейнесін концептілік талдау негізінде ашу. Зерттеудің міндеттері диссертация құрылымын құрайтын үш бөлімнің мазмұнына сәйкес кезең-кезеңімен шешілген.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	A.А.Демесиновың диссертациясының барлық бөлімдері мен құрылымы және қол жеткізген ғылыми нәтижелерінің ішкі бірлігі логикалық түрғыдан толық байланысқан, тұтастығы байқалады. Диссертациялық жұмыстың ғылыми-тәжірибелік нәтижелері мен қорытындыларының өзара сабақтастығы, тұтастығы айқын. Зерттеу нәтижелері ғылыми болжамның дұрыстығын дәлелдей, зерттеу мақсаты мен міндеттерін кезең-кезеңімен шешуге бағытталған.	
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	A.А.Демесинова ұсынған жаңа шешімдер әлемдік әдебиеттану ғылымында осыған дейінгі жүргізілген зерттеулердің тұжырымдарымен салыстырылған. Оларға сыни көзкараспен талдау жүргізілген. Отандық және шетелдік ғалымдардың бұрын-сонды айтылған тұжырымдары диссертацияда төмендегідей топтарға жинастырылып, талданған және түйінді ойлар айтылған: 1. А. Байтұрсынов, С. Қасқабасов, А-Х.Ф. Мархабаев, Б. Әбдіғазиұлы, Ш. Ыбыраев, П. Әуесбаева, С. Қондыбай, Р. Әлмұқанова, С. Итегұлова, К. Матыжанов, шетелдік зерттеушілер А.Н. Веселовский, О.М. Фрейденберг, А.Ф. Лосев, А.Ф. Косарев, К.Г. Юнг, Е.М. Мелетинский, А.М. Новиков, В.Н. Минеев, В.М. Жирмунский, В.Н. Топоров, Я.В. Солдаткина, А.Б. Есин, Ю.М. Лотман, В.Я. Пропп, басқа да зерттеуші-ғалымдардың әдебиет теориясы, әдебиет тарихы, мәдениеттану, фольклористика бағытындағы ғылыми еңбектері зерделенген. Қарастырылған еңбектерде фольклор мен әдебиеттің өзара ықпалдасуы, мифология мәселелері, мифопоэтика мәселелері, әдеби архетиптер және тағы басқа мәселелер зерттелген; 2. Мифология мен мифопоэтика мәселелерінің әдіснамалық бағдары ретінде Серікбол Қондыбайдың төрт кітаптан тұратын «Арғықазақ мифологиясы» ғылыми басылымы (Алматы, 2004), Я.В. Погребнаяның «Актуальные проблемы современной мифологии»: оқу құралы (М., 2011) және «Аспекты современной мифологии» оқу құралы (Ставрополь, 2010) қолданылған; 3. Әдебиеттің жанрлық ерекшеліктеріне арналған ғылыми ізденістер зерделенген (М.М. Бахтин, Л.В. Чернец, В.Л. Гопман, Е.Н. Ковтун, Л.Г. Кихней, М.М. Бахтин, Л.В. Чернец, В.Л. Гопман, Е.Н. Ковтун, Л.Г. Кихней, Н.Л. Лейдерман, Ю.Н. Тынянов, т.б.); 4. Фэнтезидің әдебиеттің басқа еншілес жанрларымен өзара ықпалдастығы көрнекті ғалымдардың іргелі еңбектеріне сүйене отырып анықталған (С.М. Лойтер, М.И. Мещерякова, И.П. Лупанова, Т.В. Кривошапова Л.В. Овчинникова, В.А. Карпов, Т.А. Чернышева, Е.М. Неелов және басқа ғалымдар).	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жана;	A.А.Демесинова диссертациясының жаңашылдық деңгейі қазақ әдебиеттану ғылымында бұрын зерттеле қоймаған фэнтези жанрының қалыптасуы мен көркемдік даму бағыттарын зерттеуге арналғандығынан көрініс

	<p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>табады. Ғылыми нәтижелері мен қағидаттары жаңа. Диссертациялық зерттеу жұмысында қазақ әдебиеттану ғылымындағы фэнтези жанрына дербес әдеби жанр ретінде талдау жасалған. Сол талдаудың нәтижесінде: қазақ фэнтези шығармаларына архетиптік негіз болып қаланған мифологиялық, фольклорлық және әдеби ертегі, қазақтың ұлттық дәстүрлері мен діни сюжеттері мен мотивтері анықталған; казақ балалар әдебиетіндегі фэнтези жанры өзінен-өзі пайда болған жок деген тұжырым жасалған. Қазақ әдебиетіндегі фэнтезидің қалыптасуының екі қайнар көзі анықталған: қазақтың ұлттық мифологиялық және фольклор мұралары мен әлемдік фэнтезидің ықпалы; алғаш рет қазақ балалар фэнтезийне тән сюжет пен характер мәселелері зерттелген, фэнтези кейіпкерлерінің әлеміне талдау жасалған. Зерттеу жұмысының теориялық маңызына фэнтези жанрының теориясы мен тарихын зерделеуге айтарлықтай үлес қосуы жатады. Зерттеу нәтижелерін жоғары, орта арнаулы оку орындарында әдебиеттану, әдебиет теориясы, балалар мен жасөспірімдер әдебиеті бойынша оқытылатын дәрістер мен тәжірибелік сабактарда қолдануға мүмкіндік бар.</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) толығымен жана;</p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>А.А.Демесинова диссертациясының қорытындылары жаңа. Зерттеу жұмысы ізденушінің ғылыми зерттеулерінің терендігін, бағыт-бағдарының айқындығын көрсетеді. Өз алдына қойған міндеттерін әдістемелік тұрғыдан толық орындалап шыққандығымен сипатталады.</p> <p>Диссертациялық зерттеу енбегінің жаңалық деңгейі келесі тұжырымдармен анықталады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қазақ балалар фэнтези – фольклорлық және әдеби ертегіден, ғылыми фантастикадан және балалар әдебиетінің басқа да прозалық жанрларынан (шытырман оқиғалы повестер, хикаялтар) ерекше, дербес жанр екендігі туралы қорытынды жасалған; - қазақ балалар фэнтезийнің жанрлық сипаттарын айқындастын келесі параметрлер анықталған: бір-бірінен туындалап отыратын тұжырымдамага негізделген «қосалқы әлем» кеңістігінің қалыптасуы. Кейіпкердің басқа әлемге «көшүі» сиқырлы заттың, мифтік құбылжықтың көмегімен немесе ерекше жерде жүзеге асады; магия зандарымен өрбитін квест мотивіне негізделген динамикалық сюжеттің болуы. Нарративтік негіз ретінде жақсылық пен жамандықтың жаһандық құресі алынады; әлемді құтқаратын бала архетипі кейіпіндегі орталығында кейіпкер-жасөспірім тұратын айрықша суреттік жүйе болады; фэнтези сюжеттері мифологиялық және фольклорлық концептілерге оралып, тіпті кейде оларды өзгертіп отырады деген пайым айтылған; - қазақ әдебиетіндегі балалар фэнтезийнің екі қайнар көзі анықталған: қазақтың дәстүрлі ауыз әдебиетінің, фольклорының, халық ертегілерінің, әдеби ертегілердің, мифологиясының мотивтері мен кейіпкерлері; әлем жазушылары, фэнтези жанрында алғаш қалам тербegen, қазіргі тандағы аса танымал туындылардың авторлары Джон Р.Р. Толкин, К. Льюис және Ф. Пулманнның шығармалары. Фэнтези авторының мақсатты жоспары

			<p>арқылы көркемдік трансформациялану іске асатындығы баяндалған;</p> <ul style="list-style-type: none"> - қазақ әдебиетіндегі балалар фэнтези жанрында сонғы уақытта жазылған шығармалардың сюжеттері мен оқиғаларында Батыс, ағылшын фэнтезийіндең ықпалы байқалғанымен, олардағы қазаққа тән ұлттық нақыштардың басымдығы туралы тұжырым жасалған; - қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының негізін қалаушы Таупық Рымжанов деген қорытынды жасалған; - Рустем Сауытбайдың «Шоко әлемі» фэнтезийіндегі «бала әлемі» бейнесінің моделі ұсынылған.
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 	<p>Ғылыми жұмыс тақырып бойынша зерттеу нәтижелерін тұжырымдап, дәйектеп шығуға негізделген. Ғылыми талдау барысында тиісті қорытындылар мен тұжырымдар жасаудағы диссертанттың теориялық және практикалық шешімдері жаңа және бүгінгі таңдағы ғылыми-технологиялық бағыттарға сәйкес.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген	<p>А.А.Демесинованың диссертацияда жасаған барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан ауқымды дәлелдемелер арқылы негізделген. Балалар фэнтезийіндең қалыптасуы мен дамуын зерттеу барысында Батыс және славян фэнтезийін зерттеп жүрген шетелдік ғалымдарының еңбектеріне де шолу жасалған: F.J. Molson, А.П. Гусарова, Е.А. Чепур, Т.В. Печагина, Л.Г. Головина, О.П. Криницына, М.Ю. Кузьмина және басқалары. Зерттеу материалдарын пайдалану кезінде С.Қасқабасовтың «Қазақтың халық прозасы» (Алматы, 1984), А-Х.Ф. Мархабаевтың «Қазақ фантастикалық әдебиеті» (Алматы, 1998), Ш. Ыбыраев пен П. Әуесбаеваның құрастыруымен шыққан «Қазақтың мифтік әңгімелері» (Алматы, 2002), С. Кондыбайдың «Арғықазақ мифологиясы» (Алматы, 2004) атауымен шыққан төрт кітabyы, Р. Әлмұқанованың «Қазақ фольклорындағы антикалық сарындар» (Алматы, 2009), С. Итегұлованың құрастыруымен жарияланған «Қазақтың мифтік кейіпкерлері» (Астана, 2016), К. Матыжановтың «Казахский семейный фольклор» (Мәскеу, 2023), «Рухани уыз. Қазақ балалар фольклоры» (Алматы, 2023) еңбектеріндегі ой-пікірлерді ескерген.</p>
7.	Корғауға шығарылған негізгі қағидаттар	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ия; 2) жок <p>7.3 Жаңа ма?</p>	<p>А.А.Демесинова зерттеу барысында қол жеткізген нәтижелерді негізге ала отырып корғауға келесі тұжырымдарды ұсынады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қазақ балалар фэнтези – фольклорлық және әдеби ертегіден, ғылыми фантастикадан және балалар әдебиетіндең басқа да прозалық жанрларынан (шытырман оқиғалы повестер, хикаяттар) ерекше, дербес жанр. 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді <p>7.2 Тривиалды ма?</p>

	<p>1) <u>иј</u>; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кен</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>иј</u>; 2) жоқ</p>	<p>1) ия; 2) <u>жок</u> 7.3 Жаңа ма? 1) <u>иј</u>; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кен</u> 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>иј</u>; 2) жоқ</p>
		<p><i>Maқala:</i> «The problems of harmony and differences between fantasy and myth, fairy tale, fiction» Фэнтезидің миф, ертегі, фантастикамен үндестігі және айырмашылығы мәселелері. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, «Керуен» ғылыми журналының №4, 81 том, 2023ж., 161-173 б. DOI https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.4-13 https://keruenjournal.kz/main/issue/view/23. (КР ҒЖБМ бекіткен басылымдар тізіміне енген).</p> <p>2. Қазақ балалар фэнтезінің жанрлық сипаттары келесі параметрлермен өлшенеді: а) бір-бірінен туындалған тұжырымдамаға негізделген «қосалқы әлем» кеңістігінің қалыптасуы. Кейіпкердің басқа әлемге «көшүй» сиқырлы заттың, мифтік құбыжықтың көмегімен немесе ерекше жерде жүзеге асады; ә) магия зандарымен әрбитін квест мотивіне негізделген динамикалық сюжеттің болуы. Нarrативтік негіз ретінде жақсылық пен жамандықтың жаһандық құрессі; б) әлемді құтқаратын бала архетипі кейіпнегі орталығында кейіпкер-жасөспірім тұратын айрықша суреттік жүйе болады; в) фэнтези сюжеттері мифологиялық және фольклорлық концептілерге оралып, тіпті кейде оларды өзгертуіп отырады.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді?</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия; 2) <u>жок</u></p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>иј</u>; 2) жоқ</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) <u>кен</u></p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>иј</u>; 2) жоқ</p> <p><i>Maқala:</i> «Қазақ әдебиетіндегі фэнтезидің дербес жанр ретінде танылу мәселелері». «Шокан оқулары-28: Жаңа ғылыми парадигма: ынтымақтастық,</p>

цифрландыру және коммерцияландыру атты дәстүрлі, халықаралық ғылыми-практикалық конференция. Ш.Уәлиханов Көкшетау университеті, 2024 ж., 153-159 б.
<https://www.shokan.edu.kz/ru/departments/departament-nauki-i-kommercializacii-tehnologii/nauchnye-konferencii>.

3. Қазақ әдебиетіндегі балалар фэнтезиінің екі қайнар көзі бар: а) қазақтың дәстүрлі аудыз әдебиетінің, фольклорының, халық ертегілерінің, әдеби ертегілердің, мифологиясының мотивтері мен кейіпкерлері; ә) әлем жазушылары, фэнтези жанрында алғаш қалам тербекен, қазіргі таңдағы классиктеріне айналған Джон Р.Р. Толкин, К.Льюис және Ф. Пулманнның шығармалары.

7.1 Қағидат дәлелденді ме?

- 1) дәлелденді;
- 2) шамамен дәлелденді;
- 3) шамамен дәлелденбеді;
- 4) дәлелденбеді

7.2 Тривиалды ма?

- 1) ия;
- 2) жок

7.3 Жаңа ма?

- 1) ия;
 - 2) жоқ
- 7.4 Қолдану деңгейі:
- 1) тар;
 - 2) орташа;
 - 3) кен

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

- 1) ия;
- 2) жоқ

Мақала: «Көркем әдебиеттегі фэнтези жанрының шығу төркіні мен түрлері». Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы, №2, (143), 2023ж., 165-171 б.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-143-2-165-171>

<https://bulphil.enu.kz/index.php/main/article/view/284>
(КР ФЖБМ бекіткен басылымдар тізіміне енген).

4. Қазақ әдебиетіндегі балалар фэнтези жанрында соңғы уақытта жазылған шығармалардың сюжеттері мен оқиғаларында Батыс, ағылшын фэнтези шығармаларының сарыны байқалады, бірақ қазақ ұлттық нақышында берілген.

7.1 Қағидат дәлелденді ме?

- 1) дәлелденді;
- 2) шамамен дәлелденді;
- 3) шамамен дәлелденбеді;
- 4) дәлелденбеді

7.2 Тривиалды ма?

- 1) ия;
- 2) жок

7.3 Жаңа ма?

- 1) ия;
- 2) жоқ

7.4 Қолдану деңгейі:

- 1) тар;
- 2) орташа;
- 3) **кен**

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

- 1) ия;
- 2) **жок.**

5. Қазақ әдебиетіндегі фэнтези жанрының негізін қалаушы – Таупық Рымжанов.

7.1 Қағидат дәлелденді ме?

- 1) **дәлелденді;**
- 2) шамамен дәлелденді;
- 3) шамамен дәлелденбеді;
- 4) дәлелденбеді

7.2 Тривиалды ма?

- 1) ия;
- 2) **жок**

7.3 Жаңа ма?

- 1) **ия;**
- 2) жок

7.4 Қолдану деңгейі:

- 1) тар;
- 2) орташа;
- 3) **кен**

7.5 Мақалада дәлелденген бе?

- 1) **ия;**
- 2) жок

Мақала: 1. «Көркем әдебиеттегі фэнтези жанрының шығу теркіні мен түрлері». Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы, №2, (143), 2023ж., 165-171 б.

ДОИ: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2023-143-2-165-171>

<https://bulphil.enu.kz/index.php/main/article/view/284> (ҚР ФЖБМ бекіткен басылымдар тізіміне енген);

2. «Таупық Рымжанов фэнтезиінің ерекшеліктері». «Шоқан оқулары-27: Аймақты дамытудағы университет ғылыминың рөлі» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция Ш.Уәлиханов Кекшетау университеті, 21 сәуір 2023 ж., 84-89 б.

<https://www.shokan.edu.kz/ru/departments/departament-nauki-i-kommercializacii-tehnologii/nauchnye-konferencii>.

6. Рұстем Сауытбайдың «Шоко әлемі» фэнтезиіндегі «бала әлемі» бейнесінің моделі ұсынылды.

7.1 Қағидат дәлелденді ме?

- 1) **дәлелденді;**
- 2) шамамен дәлелденді;
- 3) шамамен дәлелденбеді;
- 4) дәлелденбеді

7.2 Тривиалды ма?

- 1) ия;
- 2) **жок**

7.3 Жаңа ма?

- 1) **ия;**
- 2) жок

			<p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кен</u> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>иля</u>; 2) жоқ <p><i>Мақала: «The problems of harmony and differences between fantasy and myth, fairy tale, fiction»</i> Фэнтезидің миф, ертегі, фантастикамен үндестігі және айырмашылығы мәселелері. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, «Керуен» ғылыми журналының №4, 81 том, 2023ж., 161-173 б. DOI https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.4-13 https://keruenjournal.kz/main/issue/view/23. (КР ҒЖЕМ бекіткен басылымдар тізіміне енген).</p>
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	<p>8.1 Әдістеменің таңдауы негізделген немесе әдіснама нақты жазылған</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>иля</u>; 2) жоқ 	<p>A.А.Демесинова диссертациясының әдіснамасы нақты, қолданылған әдіс-тәсілдер дәл таңдалған. Диссертацияның әдіснамалық негізін отандық зерттеуші-ғалымдар А. Байтұрсынов, С. Қасқабасов, К. Матыжанов, Б. Әбдіғазиұлы, Ш. Ыбыраев, П. Әуесбаева, С. Қондыбай, Р. Әлмұқанова, С. Итебұлова, А-Х.Ф. Мархабаев, шетелдік зерттеушілер В.Я. Пропп, А.Н. Веселовский, О.М. Фрейденберг, А.Ф. Лосев, А.Ф. Косарев, К.Г. Юнг, Е.М. Мелетинский, А.М. Новиков, В.Н. Минеев, В.М. Жирмунский, Ю.М. Лотман, В.Н. Топоров, Я.В. Солдаткина, А.Б. Есин және т.б. ғалымдардың әдебиет теориясы, әдебиет тарихы, мәдениеттану, фольклористика бағытындағы ғылыми еңбектері құрайды. Диссертациялық зерттеу жұмысында талдау, салыстыру, тұжырымдау, жинақтау, концептуалдық талдау жасау әдіс-тәсілдері қолданылған.</p>
		<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>иля</u>; 2) жоқ 	<p>A.А.Демесинова диссертациялық жұмыстың нәтижелерін компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеудің заманауи әдістері мен деректерді өңдеу және баяндау әдістемелерін пайдалана отырып алған. Компьютерлік технологияларды қолдану арқылы диссертацияның нәтижелерін жариялаудың төмендегі жұмыс түрлери ұсынылған:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Дәстүрлі «Ахмет Байтұрсынұлы оқулаты» аясындағы академиктер Әбдуәли Қайдар, Рәбига Сыздық, Шора Сарбаевтың 100 жылдық мерейтойларына арналған халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда стендтік баяндама жасалды. Астана қаласы. 06.12.2024 жыл; 2. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты үйымдастырған академик Әбдуәли Тұғанбайұлы Қайдардың туғанына 100 жыл толуына арналған «Мәдениет-Әркениет-Жаһаният» контекстіндегі гуманитарлық ғылым: тіл, этнос, қоғам» халықаралық конгресінде стендтік баяндама жасалды. Алматы қаласы. 2024 жыл.
		<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулер арқылы дәлелденген және расталған. Анықтау экспериментінде зерттеу нәтижелері жоғары оқу</p>	<p>Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және зандылықтар эксперименттік зерттеулер арқылы дәлелденген және расталған. Анықтау экспериментінде зерттеу нәтижелері жоғары оқу</p>

		<p>зандылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) <u>и亞</u>; 2) жоқ</p>	<p>орындарында студенттер арасында балалар әдебиетін оқыту үрдісінде фэнтези шығармаларын ұсыну мен талдау негізінде тексерілген. Қалыптастыру экспериментінде студенттердің фэнтези жанрындағы көркем шығарманы талдау және интерпретациялай алу, шығармашыл ойлау дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға және жаңа шығармашылық өнім ұсына алуға баулуға негізделген тапсырмалар мен әдістерді қолданған. Қорытынды эксперимент кезеңінде жүргізілген тәжірибе нәтижелерін талдау, сараптау жасалып, соған байланысты әдістемелік жүйелерге өзгертулер мен түзетулер енгізіліп, эксперименттің тиімділігі анықталған.</p>
		<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған</p>	<p>Маңызды мәлімдемелер Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық құжаттар, отандық және шетелдік ғалымдардың әдебиеттануға, философияға, педагогика мен психологияға, ішінара лингвистикаға қатысты зерттеу енбектері, сөздіктер, анықтамалар, халықаралық конференциялар мен журналдар, КР ФЖБМ бекіткен басылымдар мен интернет дереккөздеріне сілтеме жасау арқылы расталған.</p>
		<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз</p>	<p>Қолданылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Диссертацияда А.А.Демесинова 173 ғылыми, әдістемелік, мерзімдік, заңнамалық-нормативтік, деректі, электронды және басқа дара дереккөздердің жеткілікті тізімін қолданған.</p>
9	Практикалық құндылық принципі	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:</p> <p>1) <u>и亞</u>; 2) жоқ</p>	<p>А.А.Демесинова диссертациясының теориялық маңызына ізденушінің фэнтези жанрының теориясы мен тарихын зерделеуге сүбелі улес қосуын жатқызуға болады. Диссертация тақырыбы қазақ фэнтезийнің жанрлық ерекшеліктері мен мифопоэтикалық ерекшеліктерін ашып көрсетуге жол ашады. Жұмысты орындау барысында жасалған негізгі тұжырымдар мен қорытындылар қазіргі қазақ әдебиетінің даму заңдылықтары мен әдебиеттің мифопоэтикасын зерттеуге қажетті әдіснамалық бағдар бола алады.</p>
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) <u>и亞</u>; 2) жоқ</p>	<p>А.А.Демесинова диссертациясының практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Диссертацияның зерттеу нәтижелерін жоғары, орта арнаулы оку орындарында әдебиеттану, әдебиет теориясы, балалар мен жасөспірімдер әдебиеті бойынша оқытылатын дәрістер мен тәжірибелік сабактарда қолдануға болады деп есептейміз.</p>
		<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Практикалық ұсыныстар жаңа. Жасалған пайым А.А.Демесинова диссертациясы тақырыбының өзектілігінде, қазақ әдебиеттану ғылымында бұған дейін зерттелмеуі мен диссертант тарапынан қорғауға ұсынылған тұжырымдарынан келіп шығады.</p>
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) <u>жоғары</u>; 2) орташа;</p>	<p>Диссертация ғылыми стильде сауатты, жоғары дәрежеде орындалған. Техникалық жағынан дұрыс рәсімделген, мемлекеттік стандарттар талаптарына толық жауап береді.</p>

		3) орташадан төмен; 4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		Тақырып өзекті, жұмыс жақсы жазылған, ескертулер жоқ.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Зерттеу жұмысының мазмұны бойынша жарияланымдардың жалпы саны – 11. Олардың ішінде КР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің ғылыми қызыметтің нәтижелерін жариялау үшін ұсынылатын басылымдарда 5 ғылыми мақала жарияланды, шетелдік журналда – 1 мақала, халықаралық конференция жинақтарында – 5 мақала оның үшеуі стендік баяндамамен жасалған.
13	Ресми рецензенттің шешімі (осы ереженің 28-тармағына сәйкес)		Іздешушінің «Қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының қалыптасуы мен көркемдік даму бағыттары» атты тақырыбындағы диссертациялық жұмысы философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылатын диссертацияның талаптарына толығымен сәйкес келеді және оның авторы Демесинова Акерке Алтаевна «8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылады.

Ресми рецензент төмендегі шешімді қабылдады:

- 1) **философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру;**
- 2) диссертацияны пысықтауға жіберу (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайлардан басқа);
- 3) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесін беруден бас тарту.

«8D02301 – Филология» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Демесинова Акерке Алтаевнаның «Қазақ әдебиетінде фэнтези жанрының қалыптасуы мен көркемдік даму бағыттары» тақырыбындағы диссертациясына оң пікірімді бере отырып, философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деген қорытынды жасаймын.

Ресми рецензент:

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ, Академик С.Қирабаев атындағы Қазақ әдебиеті және оқыту әдістемесі кафедрасының профессоры, филология ғылымдарының докторы



Б.Әбдіғазиұлы

РАСТАЙМЫН:	«Абай атындағы ҚазҰПУ» КЕАҚ КАДР САЯСАТЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЖЕТЕКШІСІ
ЗАВЕРЯЮ:	РУКОВОДИТЕЛЬ УПРАВЛЕНИЯ КАДРОВОЙ ПОЛИТИКИ НАО «КазНПУ им Абая»
КОЛЫ	ПОДПИСЬ